

## Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаражат төлеудің, оны есепке алудың және есептеудің тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 31 шілдедегі N 1194. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаражат жинауды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 840 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаражат төлеудің, оны есепке алудың және есептеудің тәртібі бекітілсін және ол 1997 жылдың 1 тамызынан бастап қолдануға енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылдың 1 тамызына дейін мерзімде салық төлеушілердің тіркеу нөмірлері (СТН), бойынша Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына барлық сақтандыру жарналарын төлеушілерге дербес шоттар ашсын.

3. Заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар үшін 1997 жылдың 1 тамызынан бастап Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарының берешегін өтеудің мынадай тәртібі енгізілсін:

1997 жылғы 1 тамыздағы жай-күйі бойынша негізгі борыштың сомасына 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін мерзімге өсімақы есептеуді тоқтата тұру;

1997 жылғы 1 тамыздағы жай-күйі бойынша Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына төлеуге жататын өсімақы сомаларын негізгі борышты өтеу сомасына бара-бар есептен шығару.

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің органдары міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы түсуіне бақылау орнатсын.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін бұрынғы Қазақ әлеуметтік дамуды несиелендіру акционерлік банкіне Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына мезгілі өткен төлемдердің есебі бойынша тексеру жүргізу тапсырылсын.

6. "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6

қазандағы N 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 42, 455-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібіне:

I б ө л і м д е :

4,5-тармақтардың күші жойылған деп танылсын;

I б ө л і м д е :

11-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

III б ө л і м д е :

12, 13, 15-тармақтардың күші жойылған деп танылсын;

17-тармақтың бірінші абзацы алынып тасталсын;

IV б ө л і м д е :

26, 28-тармақтардың күші жойылған деп танылсын;

V бөлімнің күші жойылған деп танылсын;

VI б ө л і м д е :

50-тармақтың бірінші абзацы алынып тасталсын;

51-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

VII б ө л і м д е :

54, 55, 56-тармақтардың күші жойылған деп танылсын;

VIII бөлімнің күші жойылған деп танылсын;

VI-VII бөлімдер тиісінше V-VI бөлімдер болып есептелсін.

7 - М ы н а л а р д ы ң :

"Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорымен есеп айырысу жөніндегі елеулі кемшіліктер мен қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 5 қазандағы N 1306 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 32, 403-құжат);

"Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1996 жылға арналған бюджетін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қаңтардағы N 100 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 3 1 ш і л д е д е г і

N 1 1 9 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаражат төлеудің, оны есепке алудың және есептеудің тәртібі**

1. Заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар (бұдан әрі - төлеушілер) өздерінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының салық органдарында Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеушілер ретінде тіркелгенін растайды. Жаңадан құрылған ұйымдар, олар дербес заңды тұлға ретінде тіркелген күннен бастап салық төлеушінің тіркелу нөмірін (СТН) алған соң 10 күн мерзім ішінде салық органдарына сақтандыру жарналарын төлеушілер ретінде тіркеледі.

2. Әрбір сақтандыру жарнасын төлеушіге тіркелгеннен кейін оларды төлеудің мерзімдері туралы жазбаша хабарлама тапсырылады.

3. Заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын айдың екінші жартысына жалақы төлеу үшін белгіленген мерзімде ай сайын, бірақ төлеушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетімен келісім бойынша салық органдары сақтандыру жарналарын төлеудің басқа мерзімдерін белгілеген жағдайларды қоспағанда, келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей аударуға міндетті.

Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын тіркелген күнінен бастап ай сайын республикалық бюджет туралы заң актілерінде белгіленген мөлшерлерде төлейді.

4. Сақтандыру жарналарын төлеушілер төлем құжаттарында: атауын және оларға тіркелген жері бойынша салық қызметі органдары берген тіркеу нөмірін (СТН);

№ 829 "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаражаты" шотын; төлеуші тіркелген алушы ретіндегі аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімін;

аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің тіркеу нөмірін (СТН) көрсетуге міндетті.

5. Сақтандыру жарналарының төлемдеріне артық енгізілген сомаларды салық органдары алдағы төлемдерді төлеудің есебіне есептейді немесе олар қайтаруға жатады.

Сақтандыру жарналарын төлеушілерге төлемдердің артық енгізілген сомаларын қайтару одан жазбаша өтініш алынған күннен бастап 20 күндік мерзімде жүргізіледі.

Төлемдердің артық енгізілген сомаларын қайтаруға салық органдары ұсынған

тізілім мен сақтандыру жарналарын төлеушінің салық органдарының белгісі бар анықтама-есебі негіз болып табылады.

Төлемдердің артық енгізілген сомаларын қайтаруды Қазақстан Республикасы Бюджеттік банкінің мекемелері облыстық және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының төлем тапсырмаларының негізінде N 829 "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаражаты" шотына жүргізеді.

Облыстық және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының төлемдердің артық төленген сомаларын қайтарудың жүргізілгені туралы ақпарат келесі айдың 15 күніне дейін салық органдарына ұсынылады.

6. Төлеушілер салық органдарына тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаражаты бойынша есеп ведомосын ұсынады.

7. Заңды тұлға таратылған кезде ол туралы тіркелген жері бойынша салық органына мәлімдейді және заңдарда өзгеше көзделмесе сақтандыру жарналарының Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына түсімдер бойынша уақтылы, толық және түпкілікті есеп айырысу үшін жауап береді.

8. Сақтандыру жарналарының N 829 "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаражаты" шотына түсуінің есебін жиынтық тізілімдердің, тізілімдердің, электронды төлем тапсырмаларының және банктердің белгісі бар бастапқы төлем тапсырмаларының негізінде салық органдары жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның облыстық және Алматы қалалық басқармалары ағымдағы шот пен төлемдер тізілімдері бойынша банктік көшірмелердің негізінде сақтандыру жарналарының түсуінің есебін жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Бюджеттік банкі мен оның аумақтық бөлімшелері операциялық күннің басында:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен оның аумақтық органдарына ағымдағы шоттар бойынша банктік көшірмелерді, төлемдердің тізілімдерін және жарна төлеушілерден алынған төлемдік тапсырмаларды;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның облыстық және Алматы қалалық басқармаларына ағымдағы шот бойынша банктік көшірмелер мен төлемдердің тізілімдерін береді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Бюджеттік банкінен алынған төлемдер тізілімінің негізінде олармен қоса берілген

құжаттардың толықтығын тексереді, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына аударымдардың белгіленген нормативтеріне сәйкес келіп түскен сомалардың Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының кірісіне есептелуінің дұрыстығын белгілейді.

10. Салық органдары төлеушілер ұсынған Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаражаты бойынша есеп ведомостарының негізінде жұмыс істейтін зейнеткерлерге есепті кезең үшін зейнетақы төлеу сомаларын Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына төлемдердің түсуі есебіне ескереді.

Жұмыс істейтін зейнеткерлерге есепті ай үшін зейнетақы төлеуге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарының осы кезеңге есептелген сомасынан артық болған жағдайларда, олардың арасындағы айырмашылық алдағы төлемдерді төлеудің есебіне есептеледі немесе Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорынан қайтарылады.

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеушіге жұмыс істейтін зейнеткерлерге зейнетақы төлеуге арналған шығыстардың тиесілі сақтандыру жарналарының сомасынан артық сомаларды өтеу салық органдары ұсынған тізілімдердің және сақтандыру жарналарын төлеушінің салық органдарының белгісі бар анықтама-есебінің негізінде жүргізіледі.

Облыстық және Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары салық қызметі органдарына келесі айдың 15-күніне дейін төлеушілерге жүргізілген өтеулер туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналары бойынша ағымдағы төлемдер мен берешектерді өтеудің есебіне:

вексельдер (міндеттемелер, купондар, чектер және т.б.);

заттай нысандағы зейнетақы төлемдері;

заңды тұлғалардың зейнетақы төлеу тәртібі туралы заңдарды бұза отырып жүргізілген зейнетақы төлеу сомалары;

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаражаты бойынша есеп ведомсына іс жүзінде төлем жүргізілген тоқсаннан басқа тоқсан үшін кіргізілген зейнетақылар төлеу сомалары қабылданбайды.